

FTAMP 11.25.19.

Жекенов Д.Қ.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің PhD докторы,
Қазақстан, Алматы қ.
e-mail: duman.zhekenov@gmail.com

ХУ ЦЗИНЬТАО ТҰСЫНДАҒЫ ҚХР-ДЫҢ СЫРТҚЫ ЖӘНЕ ІШКІ САЯСАТЫ

ҚХР құрылғалы бергі 70 жылға жуық уақытта билік құрған Қытай басшыларын буындарға бөліп қарастыру қалыптасып келеді. Мао бастаған билік өкілдері алғашқы буын болса, Қытай экономикасының «архитекторы» Дэн Сяопин бастаған басшылар екінші, Билік сабақтастығы мен мемлекеттің сыртқы саясатын сәтті жалғастыра білген Цзянь Цзэминь үшінші, 2013 жылдан бері ҚХР төрағасы болып келе жатқан Си Цзиньпин Қытай басшыларының 5-ші буын өкілі ретінде қарастырылып жүр. Әрбір буын ҚХР дамуына өзгеше үлес қосып келеді. Мақалаға жүк болып отырған Ху Цзиньтао тұлғасы ҚХР-дың әлемдік деңгейде беделінің артуына айрықша үлес қосқан, төртінші буын Қытай басшыларының көшбасшысы болып табылады. Ху Цзиньтаоның саяси тұлғалық қасиеттерін анықтау, Ху Цзиньтао тұсындағы ҚХР-дың ішкі-сыртқы саясатын зерделеу, қазіргі таңдағы Қытай саясатын түсінудің алғы шарты қызметін атқарады. Мақалада Ху Цзиньтаоның саяси тұлғасы, атқарған қызметі, ішкі-сыртқы саясаты және ҚХР билігіндегі сабақтастық қарастырылған.

Түйін сөздер: Ху Цзиньтао, ҚХР, Гармониялық әлем, ішкі және сыртқы саясат.

Zhekenov D.Q.

Al-Farabi Kazakh national university, PhD, Kazakhstan, Almaty
e-mail: duman.zhekenov@gmail.com

Foreign and domestic policy of the people's Republic of China during the reign of Hu Jintao

Recently, ruling 70 years since the founding of the PRC the rulers of China are considered dividing by generations. The rulers, led by Mao, are the first generation, the leaders under the «architect» of the Chinese economy, Deng Xiaoping – the second, retaining the succession of power and pursuing a successful foreign policy Jiang Zemin – the third, who heads the PRC since 2013 Xi Jinping is regarded as the fifth generation. Each of the generations contributed to the development of the PRC. The article deals with Hu Jintao, leader of the fourth generation of Chinese leaders, who made a great contribution to strengthening the authority of the PRC at the world level. The determination of Hu Jintao's political personal qualities, the study of China's foreign and domestic policy, during his rule is a prerequisite for understanding China's current policy. The article examines the political personality of Hu Jintao, his activities, foreign and domestic policy and continuity in the power of the PRC.

Key words: Hu Jintao, PRC, Harmonious world, domestic and foreign policy.

Жекенов Д.Қ.

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, доктор PhD,
Казахстан, г. Алматы, e-mail: duman.zhekenov@gmail.com

Внешняя и внутренняя политика КНР во время правления Ху Цзиньтао

В последнее время правителей Китая, правящих 70 лет со времен образования КНР, рассматривают, разделяя на поколения. Правители во главе с Мао составляют первое поколение, руководители под началом «архитектора» китайской экономики Дэн Сяопина – второе,

сохранивший преемственность власти и проводивший удачную внешнюю политику Цзянь Цзэминь – третье, возглавляющий КНР с 2013 года Си Цзиньпин рассматривается как пятое поколение. Каждое из поколений внесло свой вклад в развитие КНР. В статье идет речь о Ху Цзиньтао, лидере четвертого поколения руководителей Китая, который внес огромный вклад для укрепления авторитета КНР на мировом уровне. Определение политических личностных качеств Ху Цзиньтао, исследование внешней и внутренней политики КНР, во время его правления является необходимым условием для понимания современной политики Китая. В статье рассматриваются политическая личность Ху Цзиньтао, его деятельность, внешняя и внутренняя политика и преемственность во власти КНР.

Ключевые слова: Ху Цзиньтао, КНР, Гармоничный мир, внутренняя и внешняя политика.

Кіріспе

Әлемдік деңгейде қарағанда, Қытай – бес мыңжылдық терең тарихы мен өркениеті бар, әрі бүгінгі таңда қарқынды дамып келе жатқан алып держава. Қазіргі таңда ҚХР Біріккен Ұлттар Ұйымы Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты мүшесі ретінде де, күшті экономикалық әлеуетімен де халықаралық қатынастар жүйесінде лайықты орынға ие, аса маңызды рөл атқаратын мемлекет болып табылады. Қытайдың әлемдік ықпалы XX ғасырдың соңғы жиырма жылында арта түсті, XXI ғасырда Қытайдың халықаралық қатынастар жүйесіндегі саяси-дипломатиялық, сауда-экономикалық орны мен рөлі тіпті де артып келеді. Бұл әрине, ҚХР бірнеше буын басшыларының дәйекті түрде жүргізген ішкі реформа саясаты мен ұстанған сыртқы ашықтық саясатының заңды нәтижесі болып табылады.

Дегенмен жаңа ғасырдағы ҚХР басшыларының жүргізген ішкі саясаты мен сыртқы стратегиялық ұстанымдарында айтарлықтай ерекшеліктердің болғанын байқаймыз. XXI ғасырдың басында (2002 ж.) Қытай билігіне келген Ху Цзинтао, кезінде Дэн Сяопин белгілеген «Бейбітшілік және даму» бағытын ұстана отырып, қайнары қытайдың дәстүрлі ілімінен келген «гармония – жарасымды» түсінігі бойынша, ел ішінде «гармониялық қоғам» құру, халықаралық қатынастарда «гармониялық әлем» құру идеясын көтерді.

ҚХР билік басшыларының төртінші буын өкілдерінің саяси ұстанымдарына баға беру барысында, 1949 жылы ҚХР құрылғаннан бергі саяси қайраткерлердің қызметтеріне талдау жасауға тура келді. Осы бағытта Калифорния университетінің (АҚШ) профессоры Джон Хоркинс мектебіндегі қытай зерттеу орталығының жетекші қызметкері Давид М. Ламртонның «Following the leader: Ruling China, from Deng Xiaoping to Xi Jinping» [1] атты еңбегінде қытай басшыларын зерттеу жүргізу барысында көптеген бізге танымал емес, бірақ қытай билігінде

атқарған қызметі орасан зор саяси қайраткерлер туралы мәліметтер берген.

2003-2013 жылдар аралығында ҚХР төрағасы қызметін атқарған Ху Цзиньтаоның саяси ұстанымдарын, «гармониялық қоғам», «гармониялық әлем» идеяларын сараптау барысында Сань-Франсиско университеті АҚШ-ҚХР саясатын зерттеу орталығының қызметкерлері Сюжиан Жюо редакторлығымен бірігіп жазған «China in search of a Harmonious society» [2] атты еңбегінің құндылығын айта кеткеніміз жөн. Ал танымал ғалым «жұмсақ күш» идеясын ұсынушы Джозеф Найдың [3-5] еңбектерінде Ху Цзиньтао ұсынған гармониялық әлем идеясы сан алуан қырынан талқыланған. Дж.Най өз еңбектерінде «қатты күштің», яғни әскери қажығыстар заманының өткендігін, алдағы уақытта «жұмсақ күштердің» дипломатияның, мәдениеттің ықпалы артатындағын айтады. Сонымен қатар, Сингапурлық ғалымдардың біріккен «China's power and Asian security» [6] атты ғылыми еңбектері және М.Ли «Soft power: China's emerging strategy in international politics» [7] атты еңбектер арқылы ағылшын тіліндегі ақпараттар легінде тек батыстық көзқарастар тұрғысынан емес, қытайға көршілес мемлекеттердің ғалымдарының көзқарастары тұрғысынан қарауға мүмкіншілік береді.

АҚШ-тың қытайға ең алғаш ресми сапармен барған президенті Р. Никсон заманынан бері американдық ұлттық қауіпсіздік қызметінде кеңесші қызметін атқарған, одан бері де көптеген АҚШ президенттерінің сыртқы саясаттағы идеология қызметін атқарған, бейбітшілік үшін Нобель сыйлығының иегері Генри Киссенджердің «World order» [8] және «On China» [9] атты еңбектері және әлемнің ең беделді басылымдарында берген саяси сұхбаттары қазіргі халықаралық қатынастардағы өзгерістерге, АҚШ-тың ҚХР-ға ұстанған саясатының астарларына терең үңілуге көмектесетін аса құнды еңбектердің қатарына жатады.

Мақаланың негізгі нысаны қытай билік басшыларының төртінші буыны және олардың

көшбасшысы Ху Цзиньтаоның саяси қызметтерін, қызмет жолдарының қалыптасуын зерттеуде Вилли Во-Лап Лам [10], К.Браун [11], Н.Хачигиан [12], Томас Ж. Кристенсен [13], Сюзан Л. Ширк [14], Ж. Фенби [15], М. Леонард [16], Джефрей Н. Вассерстром [17] Даниел К. Девис [18] сияқты авторлардың еңбектері мол мәліметтер береді. Мәселен, Даниел К. Девис өз еңбегінде Ху Цзиньтаоның шыққан тегінен бастап, өмірінің алғашқы жылдарын, лауазым сатыларымен өрлеу жолдарындағы көмек қолын созған саясаткерлердің ықпалын, ҚХР төрағасы ретінде жүргізген саясатының артықшылықтары мен кемшіліктерін толық ашып көрсетуге тырысқан.

Негізгі бөлім

Ху Цзиньтао саяси қызмет жолы

Ху Цзиньтао 1942 жылы 25 желтоқсанда Аньхой провинциясының (Шығыс Қытай) Цзиси уезінде кедейлеу шаруа жанұясында дүниеге келген. Балалық шағы жапон жаулап алушыларына қарсы сегіз жылдық ұлт-азаттық күрестің шешуші, үшінші кезеңінің (1941 жылдың желтоқсан айымен 1945 жылдың тамыз айларының аралығы) уақытымен тұспатұс келеді. Елдегі ұлт-азаттық күрестің соңы 1945-1949 жылдар аралығын қамтыған азамат соғысымен ұласқан еді [19]. Жапондық жаулап алушылардан елді тазартып, ішкі азамат соғысында да өзінің ұтымды саяси шешімдерімен жеңіске жете білген Мао Цзэдунның ой-пікірлерін қытай халқымен бірге бойына сіңіріп өскен Ху Цзиньтао бала шағынан бастап өз мүддесін ұлттық мүддемен сабақтастырып бой түзеді. Ху Цзиньтаоның әкесі Аньхой провинциясында шай өндіру шаруашылығымен айналысатын. 1942 жылы Ху Цзиньтао дүниеге келгенге дейін шай шаруашылығы жапондық жаулап алушылардың шабуылдарының әсерінен дағдарысқа ұшырап, оның әкесі орта мектептің мұғалімі болып қызмет атқарды. Кейбір мәліметтер бойынша Ху бес жасқа толғанда анасы өмірден өтеді де, оны туысқан апасы Лю Бинся қолына алады. Келесі бір деректерге сүйенсек, Худың жанұясы өте кедей болғандықтан оның тәрбиесімен екі ағайынды ағасы айналысқан. Бала күніндегі досының естеліктерінде анасынан айрылған сәтте де Цзиньтао аса сабырлылық танытқандығын және барлық уақытын оқуға арнағандығын жазады [18].

Мао Цзэдунның қысқа мерзім ішінде коммунизмге жету мақсатындағы «Үлкен секіріс»

утопиялық идеясы 1957 жылдың күзінен бастап қолға алына бастаған еді. Мемлекеттің онжылдық стратегиялық жаспарларына Мао Цзэдун «үш жылдық қарқынды еңбек» нәтижесінде қол жеткізу, экономикалық даму нәтижелері бойынша 15 жылда Ұлыбританияны, 20 жылда АҚШ-ты, ауылшаруашылық өндірістері саласында үш жыл ішінде Жапонияны қуып жету жоспарланды. Барлық қытайлық оқушылар іске асуы мүмкін емес осы идеялардың ықпалымен тәрбиеленіп ер жетті. Ху Цзиньтао да Мао Цзэдун негізін қалаған жаңа қытайды қалыптастыру идеясын қолдады және өз ойын іске асыру мақсатында 1959 жылы Пекиндегі аса беделді Цинхуа университетінің гидротехника факультетіне оқуға түседі де, 1964 жылы гидроэлектростанция инженері деген диплом алады. Бұған дейін 1964 жылдың сәуірінде Қытайдың коммунистік партиясына өтеді [10].

1966 жылы «мәдени революция» басталып, әкесі репрессияға ұшырап, оның шай дүкені жабылды. Ал Ху Цзиньтаоның өзін «буржуазиялық жанұядан» шыққан деген желеумен саяси нұсқаушы қызметінен босатты. 1968 жылы «еңбекпен тәрбиелеу» жүйесі бойынша мемлекеттің батыс аймағындағы кедей Ганьсу провинциясына жіберіліп, Балық шаруашылығы және электроэнергетика министрлігінің құрылыс бригадасында әр түрлі қара жұмыспен айналысты. Талай адамдардың тағдырын сындырған «мәдени революция» Ху Цзиньтаоның мансап баспалдағының негізін қалады. 1969-1974 жылдар аралығында алғашқы жоғарылатуларға қол жеткізе бастады. Балық шаруашылығы және электроэнергетика министрлігінің төртінші инженерлік басқармасының технигі және бөлім хатшысы және бөлімдердің біріккен партиялық ұяшықтар хатшысының орынбасары қызметтерін рет-ретімен атқарды. Янцзы өзенінің жоғарғы ағысындағы екі гидроэлектростанцияның құрылыс жұмыстарына қатысты [20].

Ху өз министрлігінің жұмыстарымен Ганьсу провинциясының аймақтарында өте көп жүрді. Осындай іс-сапарлардың бірінде 1970 жылдардың орта кезінде ҚКП провинциялық комитетінің хатшысы Сун Пиннің назарына ілікті. Кейіннен ҚКП жоғарғы қызметіне көтерілген Сун Пин Ху Цзиньтаоның қызметтік баспалдақтарда көтерілуіне өз ықпалын тигізді. 1974-1975 жылдары Ганьсу провинциясының құрылыс комитетінің хатшысы, 1975-1980 жылдары аталған комитетте жобалау-құрылыс басқармасының меңгерушісінің орынбасары,

1980-1982 жылдары комитет төрағасының орынбасары қызметтерін атқарды [20].

Осы жылдардың аралығында өзінің бұрынғы курстасы – сол кездегі ҚКП ОК бас хатшысы Ху Яобанның ұлымен кездесті. Осы күтпеген кездесу көптеген саясаткерлердің көзқарастары бойынша Ху Цзиньтаоның мансаптық өсу жолына шешуші фактор болған. 1982 жылдың қыркүйек айынан желтоқсан айына дейін Қытай жастарының коммунистік одағы (ҚЖКО) Ганьсу провинциясы камитетінің хатшысы қызметін атқарды. Ары қарай, 1982-1984 жылдар аралығында ҚЖКО орталық комитетінің мүшесі және Бүкілқытайлық жастар федерациясының төрағасы болды. 1984-1985 жылдарда ҚЖКО ОК бірінші хатшысы қызметін атқарды. Соңғы қызметтерін атқару барысында Ху Цзиньтао өзінің шебер ұйымдастырушылық қабілетін көрсетті. Нәтижесінде 1985 жылы ҚКП ОК он екінші шақырылымында коммунистік партияның қатарына алынды және оның сол уақытқа дейінгі ең жас мүшесі болды. Осы жылы қытайдың оңтүстік-батыс аймағындағы өте кедей Гуйчжоу провинциясылық комитетінің хатшысы және Гуйчжоу әскери округінің партиялық комитетінің бірінші хатшысы болып тағайындалды. Қытай провинцияларының басшылары арасында Ху ең жасы болатын. Гуйчжоу провинциясында нарықтық реформаларды сәтті іске асырды. Бұл қызметін 1988 жылға дейін атқарды [10].

1986 жылы Қытайда студенттердің демонстрациясы болды. Ху Яобан демонстрацияға қатысушылардың талаптарын қолдаған еді. ҚКП ОК Яобанды қызметінен шеттетіп, оны партиялық талқылауға салды. Ху Цзиньтао өзінің мансап сатысындағы жетекшісінің көзқарастарынан бас тартты. 1988 жылы Тибетте антиқытайлық ағымдардың күш ала бастағандығы, бұл аймаққа жаңа басшы тағайындау керектігін көрсетті. Ху Цзиньтао өз еркімен осы қызметке сұранды. Келесі бір деректерде оны саны жағынан аз халықтармен сәтті жұмыс атқарушы ретінде ҚКП ОК мақсатты түрде Тибетке жіберді. Бұл аймақта жұмыс істеу ауа-райы жағынан да (Ху таулық жерлердің ауа-райын ауырсынатын), саяси жағынан да (ұлттық-діни мәселелер) Ху Цзиньтаоның беделі үшін аса үлкен сын еді. Оған қоса Ху Цзиньтао Тибет басшыларының ішіндегі ең алғашқы әскери тәжірибесі жоқ маман болатын. 1989 жылдың басында аймақта жаппай тәртіпсіздіктер орын алды. Ху Цзиньтаоның басшылығымен әскери режим орнатылып, көтерілісшілерге қарсы

көзден жас ағызатын газ және соғыс патрондарын қолдану арқылы қатаң түрде басып жаншылды. Бұған қоса көптеген тибеттіктер әлі күнге дейін өздерінің діни көсемдері Панчен-ламаның (тибеттік буддистердің иерархиясында Панчен-лама бедел жағынан Далай-ламадан кейін екінші орында тұрады) өлімінің артында Ху Цзиньтаоның тұрғанына таң қалуда. Тибеттегі оқиғалардың барысындағы Ху Цзиньтаоның батыл қадамдары Қытайдың сол кездегі ықпалды басшыларының бірі Дэн Сяопиннің назарын өзіне аударды [11].

1989 жылдың сәуір айында Ху Яобанның өлімінен кейін Пекинде студенттер демонстрациясы күш ала бастады. Шілде айының басында Тяньаньмэнь алаңында әскери күш қолдану арқылы демонстранттар басып жаншылды, бірнеше жүздеген көтерілісшілер өлтірілді. Ху Цзиньтао басқарып отырған Тибет аймағы бұл оқиға кезінде аса тыныш болды. Тяньаньмэнь оқиғасы ҚКП ОК Дэн Сяопин бастаған партия басшыларын дүр сілкіндірді. Үкімет басқаруға басқа белсенді және қазіргі мамандарға қарағанда жастау адамдардың керектігі түсінікті болды. Тяньаньмэнь оқиғасы нағыз қызған кезінде Дэн Сяопин ҚКП ОК бас хатшысы Чжао Цзянды үй қамауына алып, орнына Шанхай қалалық комитетінің хатшысы Цзянь Цзэминді тағайындады. Билік басына келген Цзянь Цзэмин 1997 жылы Дэн қайтыс болғанға дейін қытай басшыларының ішіндегі Дэн Сяопинге тәуелді саясаткерлердің бірі болды. Ал Ху Цзиньтао қытай басшыларының төртінші буынының болашағы зор үміткері ретінде 1980 жылдардың аяғы мен 1990 жылдардың басындақ Цзянь Цзэминнің тікелей мұрагері ретінде Дэн Сяопиннің назарында болды.

1992 жылы ҚКП он төртінші съезінде Ху Цзиньтаоның ескі жетекшісі Сун Пин барлық мемлекеттік орындарынан босатылды. Дегенмен Сун Пин алдын-ала ҚКП ОК мүшелерімен оның Политбюродағы орнына Ху Цзиньтаоны сайлайтындығына келісім алған болатын. 1992 жылы Ху Политбюро комитетінің тұрақты мүшесі және ҚКП ОК секретариатының мүшесі болды. Политбюрода оған партиялық құрылым және мамандардың орналасуы жөніндегі мәселелерді қадағалау тапсырылды. 1993 жылы осы қызметімен қатар ҚКП ОК жанындағы партиялық мектептің ректоры қызметін қатар атқарды. Биліктің жоғарғы сатысына аяқ басқан Ху Цзиньтао әккі саясаткер ретінде барлық мүмкін болатын саяси қақтығыстардан, басқа партиялық қызметкерлердің көзқарастарына

қарсы келуден аулақ болды. Мансап сатысында Ху Цзиньтаоның өзінен жоғарғы басшылардың тапсырмасын мүлтіксіз, толық атқаратындығын көрсете білді. Тап осы мінезімен ол ондаған жылдар бойы Цзянь Цзэминнің тікелей мұрагерлігіне үміткерлердің ең өтімдісі болып танылды [10].

1998 жылдың мамыр айында ол ҚХР төрағасының орынбасары болып сайланса, 1999 жылы ҚКП Орталық әскери кеңес (ОӘК) төрағасының және ҚХР ОӘК төрағасының орынбасары болып тағайындалды.

Дегенмен осы уақытқа дейін халықаралық аренада танымал бола қоймаған Ху Цзиньтао 1999 жылы НАТО әскерінің күшімен Белградтағы ҚХР елшілігін бомбалағаннан кейін, Пекиндегі америкалық және британдық елшіліктердің алдындағы қытай демонстранттарын сабырлылық сақтауға шақырған ресми жолдамасынан кейін кең танымалдылыққа ие болды. Белградтағы елшілікте үш журналист қаза тауып, жиырма адам ауыр жараланған еді. Қытай халқы билікке тез арада өш алу керектігін мәлімдеп демонстрацияға шыққан болатын. Пекиндегі АҚШ елшілері төнген қатерден қауіптеніп, құпия қағаздарын жинақтап, қашып кетуге әзер отырған. Осы кездегі телеарналардан берілген Ху Цзиньтаоның мәлімдемесі екі жақтың тынышталуына әсер етті.

Ху Цзиньтао 2002 жылы ҚКП он алтыншы съезінде ҚКП ОК бас хатшысы қызметіне Цзянь Цзэминнің орнына сайланды. Осы он алтыншы съезд ҚКП тарихында билік басындағы партия көсемдерінің бейбіт түрде билікті төртінші буын өкілдеріне тапсыруымен қалды. Бұл Дэн Сяопин қалыптастырған «мұрагерлік» жүйенің сәтті іске асқандығының көрінісі болатын. Партияның барлық бұрынғы басшылары қызметтерінен заңды түрде кеткенімен билікке тікелей ықпал етіп отырды. Сонымен қатар, осы съезде партия 2020 жылы жан басына шаққандағы жылдық табыс мөлшерін төрт есе өсіруге уәде берді.

Ху Цзиньтао – ҚХР төрағасы

2003 жылы бүкілқытай халық өкілдері жиналысының (БХӨЖ) бірінші сессиясында Ху Цзиньтао ҚХР төрағасы болып сайланды. Сонымен қатар, ҚХР мемлекеттік кеңесінің басшысы болып отырған Чжу Жунцзының орнына төртінші буын өкілдерінің бірі – Вэнь Цзябао тағайындалды. 2002-2003 жылдары төртінші буын өкілдері биліктің көптеген салаларын қолдарына алғанымен, биліктің түбегейлі келесі буынға ауысқандығы туралы айтуға ертерек болатын. Себебі Цзянь Цзэмин әлі ықпалды билік орыны ОӘК басшылығын, яғни Қытай

Ұлт-азаттық армиясын (ҚҰАА) өз қолында ұстап отырған. Биліктің Цзянь Цзэминнен Ху Цзиньтаоға ауысу үрдісі тек 2004 жылы Ху Цзиньтао ОӘК, сәл кешірек ҚХР ОӘК төрағасы болып тағайындалғаннан кейін 2005 жылы ғана аяқталды [2].

Ху Цзиньтао биліктің ең жоғарғы сатысына көтерілген сәтте шетелдік бақылаушылар оның жеке саяси тұлғасы туралы нақты бір пікір айта алмады, тек оның реформа жасауды қалайтын адам ретінде, тіпті кейбіреулері оны «ұлы реформатор» ретінде көргісі келді.

Ху Цзиньтаоның ұстанымдары ішінде оның мемлекеттегі кедей аймақтарға көңіл бөлуін атап өтуге болады. Тіпті кейде ол қарапайымдылықтың белгісі ретінде жұмысқа велосипедпен баратын. Халықтың барлық таптарының көңіл-күйін түсінуге тырысты, олардың әрқайсысына жекелеген ресми сапарлармен барды. Халық арасындағы қарапайымдылығының арқасында әлеуметтік аз қамсыздандырылған топтардың назарылығын сәл де болса бәсеңдетті.

Экономикалық даму саласында батыстық нұсқаны жат көрмегенімен билікке келгенде көнеден қалған партиялық жүйені қолдап қана қоймай, мықтап бекітуді көздеді. ҚКП ішінде ҚХР төрағасы банк ісі мен жекеменшік бизнес саласында реформаны жеделдетуді көздейтін «оңшылдар» мен шетелдік ықпалды тежеу және батыстық реформаларды азайтуды қолдайтын «солшылдардың» арасындағы тепе-теңдікті сақтай білді.

2001 жылы Қытай Дүниежүзілік Сауда Ұйымына (WTO) мүше болып кіруі, оның халықаралық сауда-экономикалық жүйесінде белсенді қимылдауына үлкен мүмкіндік берді. Содан бері қытайдың сыртқы экономикалық саудасы қарқынды даму динамикасын көрсетіп келеді. Мысалы, 2001-2005 жылдарда Қытайдың сауда айналымы 3 есеге өсті. Мұндай қарқынды дамуға нарықтық экономика әдістерімен жоспарлы түрде реттеулер жүргізуінің арқасында қол жеткізілген Жалпы Ішкі Өнімнің (ЖІӨ – GDP) жоғары қарқынды дамуы себеп болды. Осы жылдар ішінде Қытайға тікелей шетелдік инвестициядан 600 млрд доллар түсті. Дәл сол жылдары Қытай америкалық құнды қағаздарға 700 млрд доллар салды. Тек қытайлық кәсіпорындардың тікелей шетелдік инвестициялары 20 жылда 37 млрд долларды құрады, соның ішінде 2002-2005 жылдары 17,9 млрд долларды құраған. Осы жылдары шетелдерде Қытайдың 10 мыңнан астам түрлі кәсіпорындары жұмыс сітеді.

Ал Қытайдың сенімді дерек көздеріне сүйенер болсақ, Ху Цзиньтао билікке келген алғашқы 2001-2007 жылдары сыртқы сауданың орта есеппен жылдық өсімі 21,6% құрады. Тіпті, әлемдік қаржы дағдарысы болған 2008 жылдың өзінде сыртқы сауданың өсімі 17,2% сақталған. Ал 2010 жылғы Қытайдың тауар экспорт және импортының жалпы көлемі 34,7% өскен [6].

Ху Цзиньтао сыртқы саясаттағы дипломатиялық бағыттарды жаңа деңгейге көтеру мақсатында көптеген ұтымды қадамдар жасады. Мәселен Қытайдың Африка саясаты жаңа мазмұндармен толықты. 2005 жылы Джакартада өткен Азия және Африка елдерінің саммитінде және Бандунг конференциясының 50 жылдығына арналған салтанатты жиналыста, ҚХР төрағасы Ху Цзиньтао алғаш рет «гармониялық әлем» идеясын ортаға қойды. Ол: «Азия және Африка елдері түрлі өркениеттер бейбіт өмір сүретін, тең құқылы диалог, ортақ даму және жандану үдерісін іске асырылатын гармониялық әлемді бірлесіп құру идеясын алға жылжыту қажет» [7] деп атап өтті. Бұл идеяның қайнар көзі Конфуций және басқа да ежелгі Қытай ойшылдарының ілімдерінен бастау алады. 2006 жылы Ху Цзиньтао Сауд-Арабиясына сапары кезінде гармониялық әлем құруға қатысты бірнеше ұсыныстар жасады.

Осы концепциямен әлемдегі қытайдың жағымды бейнесін қалыптастыру көзделген. Сондай-ақ африкалық елден қолдау табу үшін, Қытай барлық дамушы елдердің «міндеттері мен тағдырларының ортақтастығын» баса дәріптейді. Қытай жетекшілерінің ойынша, бұрынғы уақытта Қытай және Африка елдері Батыс мемлекеттерінен қысым көрді және дәл осы себептен өздерінің экономикалық жағдайын дамыта алмай қалды. Сондықтан қазіргі уақытта африкалық мемлекеттер Батыс елдерімен емес, өздерімен тағдырлас Қытаймен достық қатынастар орнатуы тиіс.

Қытайдың осындай саясаты африкалық ортада жағымды пікірге ие болуда. «Менде жақсы сезіну бар, себебі Қытай Батысқа қарағанда бізге әділетті қарайды» [13], – деді, Судан Президенті Омар Башир журналистерге берген жауабында. Қытайда африкалық елдерге қоятын тек бір ғана шарты бар, олар тек «Бір Қытай» принципін қолдаса болғаны.

ҚХР төрағасы Ху Цзиньтао 2004 жылғы өзінің Африкаға сапары барысында: «Қытай – әлемдегі дамушы елдердің ең ірісі, ал Африка – дамушы елдер көп орналасқан құрлық. Қытай жаһандық ынтымақтастықты дамытатын және

өзара дамуға мүмкіндік жасайтын тарихи орайды жіберіп алмас үшін сол елдермен бірлесіп жұмыс жасайды [14]», – деген еді.

Қытай жетекшілерінің ұстанған сыртқы саясатына сәйкес, Қытай мүддесі африкалық елдер мүдделерімен сай келеді деп саналады. Сондай-ақ Африка құрлығы «Қытайдың гегемонияға қарсы тұру және ұлттық қауіпсіздікті сақтау үшін жүргізіп отырған күресіне қолдау көрсететін негізгі күш» [14], – деп қарастырылған.

ҚХР өзінің аймақтық және халықаралық мүдделерін қорғау мақсатында әлемнің әр бағытындағы саяси қатынастарын дамытумен қатар, халықаралық және аймақтық ұйымдар арқылы маңызды геосаяси және геоэкономикалық аймақтардағы ықпалын тереңдетуді көздеді. Қауіпсіздік мәселесінде Ху Цзиньтао бастаған Қытай үкіметі әскери құрылыс саласын дамытуға барынша назар аударып, бұл бағытты өзінің сыртқы саясатының, сонымен қатар геосаяси ықпалын арттырудағы және экономикалық даму деңгейін жоғарлатудағы басты тетік ретінде санады. Сондықтан олар белсенді қорғаныс бағытын ұстанды. Оның стратегиясы: қорғаныс, өзін-өзі қорғау және қарсыласына жауапты соққы беру принциптеріне негізделген. Қытайдың ұлттық қорғаныс саласының мақсаттары мен міндеттері төмендегідей:

- мемлекеттік қорғанысты нығайту, басқыншыларға ескертпе жасау және оларға тойтарыс беру;
- бөлшектенудің жолын кесу және Қытайдың толық бірігуін жүзеге асыру;
- әскери бүлдірушілік әрекеттердің жолын кесу және қоғамдық тұрақтылықты қорғау;
- қорғаныс құрылысын нығайту және ұлттық қорғаныс пен армияның модернизациялануын жүзеге асыру;
- бейбітшілікті қорғау, агрессия мен экспансияға қарсы тұру [21].

2004 жылғы 6 наурызда өткізілген Бүкіл Халықтық Өкілдер Жиналысының 2 сессиясында Қытайдың қорғаныс мақсаттарына бөлінетін қаржының санын тағы да 21,83 миллиард юаньға немесе 11,6 %-ға ұлғайту керек екендігі атап айтылды [17]. Қытай жыл сайын қорғаныс саласына жұмсалатын қаржы көлемін ұлғайтумен қатар, әскери салада дипломатиялық қатынастарды дамытуға үлкен көңіл бөліп келеді. Орталық Азияда Қазақстанмен әскер саласында ынтымақтастыққа көп көңіл бөледі. Мысалы, 2004 жылы ҚР Қорғаныс қауіпсіздік министрі М. Алтынбаев Қытайға

ресми сапармен барып, келіссөздер барысында екі мемлекеттің арасындағы қауіпсіздік саласындағы мекемеаралық ынтымақтастық және өзара ынтымақтастық жөніндегі мәселелері талқыланды. Қытай мен Қазақстан Республикасының қауіпсіздік саласындағы мекемелердің арасында ынтымақтастықтың дамуына, екі мемлекеттің әскери жасақтарының бір-бірімен еркін араласуына жағдай жасалынды.

Ху Цзиньтаоның «Гармониялық әлем» идеясы

Бүгінгі күнгі жаһандану үрдісінде батыс елдері басымдыққа ие болып отыр. Әсіресе, АҚШ жаһандану терминін жамылу арқылы әлімдік билікті өз қолында ұстағысы келеді. Халықаралық қатынастардағы АҚШ-тың жеке дара көшбасшылығына келіспейтін Қытай Халық Республикасы әлемдік жаһанданудың қытайлық үлгісін ұсынып отыр. ҚХР төртінші буын билік басшысы – Ху Цзиньтао билікке келген күннен бастап, ҚХР сыртқы саясатының стратегиялық бағыттары белсенді түрде жаңа даму жолдарын іздестіре бастады. ҚХР туралы халықаралық сарапшылардың арасында ресми Бейжің қарулы қақтығысқа алып келетін әрекеттер жасауы мүмкін деген пікірлер айтылуда. Өз кезегінде қытай әкімшілігі қалыптасқан әлемдік теріс көзқарастарды өзгерту үшін, ҚХР басқа мемлекеттерге залал келтірмей-ақ қуатты және даңқты бола алатындығын мәлімдеді.

Әлемдік теріс көзқарасты өзгерту мақсатында қытай басшылығы 2003 жылы «Бейбіт өрлеу» деп аталатын бастаманы ҚКП орталық партия мектебінің проректоры Чжен Бицзянның қоғамдық баяндамасында көтерген болатын. Қытайлық сарапшылар тез арада бұл бастама туралы кең ауқымды талдаулар жасай бастады. Қоғамдық-саяси басылымдардың беттерінде «Бейбіт өрлеу» туралы көптеген мақалалар жарық көріп, ғылыми конференциялар ұйымдастырылды және қысқа мерзімнің ішінде ауқымды зерттеулер даярланды. 2003 жылдың соңы мен 2004 жылдың басында Ху Цзиньтаоның және премьер Вэнь Цзябаоның мәлімдемелерінде де бірнеше мәрте айтылды [15]. Бірақ 2004 жылдың жазында бұл бастама ресми түрде қолданыстан алынып тасталды. Себебі, Қытайдың амбициалық «өрлеу» жоспары, тіпті «бейбіт» болса да, бұрынғысынша шетелдік аудиторияның алаңдатушылығын тудырды. Мұнымен қоса, бұл бастама қытайдың ішкі ортасында да едәуір күмән тудырып отырғандығын қытайлық сарапшылардың өздері де түсінген еді. Нәтижесінде билік Қытайдың

сыртқы саясатындағы «бейбіт даму» жолының негізін қалыптастыра отырып, 1980 жылдардағы «бейбітшілік және даму» бастамасына қайта оралды.

«Бейбіт өрлеу» жоспарын екінші түрге түрлендіре отырып, қытай басшылығы дәстүрлі конфуцийлік ойларды негізге алу арқылы шетелдердегі өзінің болмысын гуманистік бағытта қалыптастыруға тырысты. Қытай көшбасшысы Ху Цзиньтао алғаш рет 2005 жылдың сәуір айында Джакарта қаласында «Гармониялық әлемді бірігіп орнату» идеясын көтерді. Дәл осы жылы қыркүйек айында БҰҰ-ның 60 жылдық мерейтойын атап өту кезінде де, ҚХР төрағасы Ху Цзиньтао «Бірге гүлденудің гармониялық әлемін» құруды ұсынды. Оның «Гармониялық әлем» туралы баяндамасы екі бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімде теорияның мәні, мағынасы, шараның жүзеге асуы, екінші бөлімде ҚХР-дың бұл жоспарды іске асырудағы атқаратын міндеттері туралы айтылады. Өзінің баяндамасында Ху Цзиньтао: «Бүгінгі күні әлемде әрқелкі даму үрдісі, кедейшілік пен аштық әлі де әлемнің көптеген мемлекеттерінде сақталып отыр. Осы мәселелердің шешілуінің ең басты жолы, ынтымақтастықты тереңдету және барлық әлем біртұтас даму бағытын таңдау керек екендігін бүгінгі күнгі халықаралық қатынастардың өзі анықтап беріп отыр және барлық мемлекеттердің бүгінгі күнгі таңдауы да осы. Жаңашыл әлемде, әртүрлі қарсылықтар мен қақтығыстардың көрініс беруі және белгілі бір бағытсыз дамудың көбеюі мен тұрақтылықтың сақталмауы болып отырса да, бейбітшілік пен даму қазіргі заманның басты тақырыптары болып қала береді. Әлем бейбітшілікті, мемлекеттер дамуды, адамдар ынтымақтастықты қалайды. Бұл – ешқашан өзгермейтін тарихи тенденция. Осындай қиын әлемдік жағдайлармен кезігіп отырғанда, әлемдік гармонияға үлкен басымдылық бере отырып, оның іске асуына атсалысуымыз керек» [15], – деп үндеу тастаған еді. Ху Цзиньтаоның пікірінше ұзақ мерзімді бейбітшілік пен гүлдену мақсатындағы гармониялық әлемді құруға барынша еңбектену, барлық адамзат баласының ортақ мүддесіне бағытталады. Қауіпсіздікті және тұрақтылықты қамтамасыз етудің және әлем гүлденуінің бірден-бір жолы – гармониялық әлем. Сонымен қатар, бұл адамзат қоғамының даму үрдісінің ең басты талабы.

2007 жылы қазан айының 15 жұлдызында Бейжің қаласында Қытай Компартиясының Ху Цзиньтаоның басшылығымен өткен алғашқы бесжылдықтың қорытындыларын шығарған

кезекті XVII съезд болып өтті. Есеп беру баяндамасында ҚКП ОК бағдарламаларында жаңа бастамалар көтеріле бастады. ҚХР ішкі аумағында «гармониялық қоғам», сыртқы саясатында «гармониялық әлем» деген бастамалар мен ұсыныстар жасалды. «XVI съезден кейінгі бес жыл жәй ғана бес жыл болған жоқ. Бұл кезеңде ҚКП өзімен бірге мемлекет халқына жетекшілік етіп, барлық қиындықтарды жеңе отырып, Қытайға тән ерекшелікпен жаңа социализмді құрды және марксизмнің қытайланған жаңа бағытын ашты», – деп Ху Цзиньтао баяндама жасады. Сонымен қатар, бүгінгі күнге дейінгі қытай басшылығының алдыңғы 3 буын өкілдерінің еңбектері мен атқарған қызметтеріне зор алғыс айта отырып, Ху Цзиньтао ҚХР-дың кезекті басшылығымен реттеліп, өзінің модернизациялық құрылымын қалыптастырып, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасатын алдағы 50 жылға жоспарын жариялады:

– Ұзақ мерзімді екі жақты келісімдердің және қытай басшылығының қарқынды түрде еңбектенуінің нәтижесінде территорияның бейбіт түрде бірігуі (бұл жерде Тайваньның орталық Қытаймен бірігуі туралы айтылып отыр);

– ҚХР-дың егемендігін және территориялық тұтастығын сақтау;

– Бүкіл әлемде бейбітшіліктің, дамудың және ынтымақтастықтың қалыптасуына көмектесу;

– «Гармониялық Азия және гармониялық әлем» қалыптастыру бағытында табанды түрде жұмыс істеу [18].

Көрсетілген мақсаттар бойынша, XVII съезд аяқталған күннің ертеңінен бастап қарқынды шаралар атқарыла бастады. Жеке-жеке тоқталсақ, Тайвань мәселесі бойынша 2008 жылдың мамыр айында Ху Цзиньтаомен Тайваньды басқарушы «Гоминьдан» партиясының көшбасшысы У Босюнның тарихи кездесу болды. Бұл кездесу – осы деңгейдегі басшылардың соңғы 60 жылдағы алғашқы кездесулері. Кездесудің екінші және үшінші кезеңдерінде де көптеген келіссөздерге қол жеткізілді. Ал Ху Цзиньтаоның 2008 жылдың 31 желтоқсанында мәлімдеген Тайвань мәселесін шешу жөніндегі жаңа алты тезисі, Тайваньға ғана емес барлық халықаралық қоғамға жасаған сыйлығы болды. Осы алты тезисі арқылы ҚХР мен Тайвань арасындағы барлық мәселелерді бейбіт түрде, келісім негізінде шешуге шақырды. Қытай-Тайвань диалогы – ҚХР сыртқы саясатының ең бір әлсіз тұсы. Тайвань мәселесін шешпей ҚХР өзінің саяси және геосаяси болашағын елестете алмайды.

Территория тұтастығының сақталуы ҚХР экономикасының тұрақты дамуы үшін аса маңызды. Бұл бағытта қытай басшылығын ойландыратын екі маңызды мәселе бар. Олар: Тибет және Шыңжаң Ұйғыр автономиялық аудандары. 2008 жылдың басында Тибетте болған бассыздықтарға қатысушылардың алғашқы соттық үкімдері жарияланды. Отызға жуық адамдар үш жылдан бастап өмір бойы бас бостандықтарынан айырылды. Сәл ертеректе осы көтерілістерді ұйымдастырды деп айыпталған Далай-ламамен мәселені бейбіт жолмен шешу жолдарын қарастыру үшін, қытай үкіметі тікелей диалогқа дайын екендіктерін мәлімдеді. 2008 жылдың 10 наурызынан 14 наурызына дейін жалғасқан Тибеттегі оқиғаның ұйымдастырушысы ретінде қытай үкіметі «Далай-ламаның үндеулерін» айыптаған еді. Ал Далай-лама өз кезегінде өзіне тағылған айыптаулармен келіспейтіндігін және ол күш көрсетуге қарсы екендігін, сонымен қатар, ресми Бейжіңмен мәселені бейбіт жолмен шешу үшін тілдесуге дайын екендігін мәлімдеді. Қытай үкіметі Олимпиада қарсаңында елдегі тыныштықтың ең маңызды көрсеткіштердің бірі екендігін түсіне отырып, тибеттіктердің рухани көсемдерінің ресми өкілі Тенцин Такламен кездесулердің тәртібін жоспарлай бастады. Тенцин Такла «бұл қадамдардың бағыты дұрыс екендігін және жеке кездесулер ғана бұл мәселені оң шешуге бастайтындығын, екі жақтың да дұрыс бағытта қадамдар жасап жатқандықтарын» басып айтты [12].

«Гармониялық қоғам» және «гармониялық әлем» ұстанымдары қытай үкіметіне ұзақ уақыттардан бері осындай ҚХР көлеңкелі тұстарын көрсететін ауқымды шиеленіскен мәселелерге соқтықпай жүрулеріне мүмкіндік туғызады. Бас-аяғы үш жылдың ішінде «гармониялық әлем» бастамасы ресми идеологиялық қолданысқа еніп, Ху Цзиньтао үкіметінің символдарының біріне айналды. XVII съезде бұл бастама баяндамада айтылып қана қойған жоқ, компартияның жаңартылған жарғысына басымдылықпен енгізілді. Бұл – Ху Цзиньтао 2012 жылы орнын өзінің мұрагеріне өткізіп бергеннен кейін де жаңа бастаманың компартияның негізгі даму бағыты, ұстанымы болып қала беретіндігін көрсетеді.

Алғашында «гармониялық қоғам» құру жоспарлары елдің ішкі әлеуметтік-экономикалық және саяси мәселелерін шешуге бағытталды. Бұл бастама пайда болғаннан кейін, Қытай басшылығына сыртқы саяси бағытты жаңар-

туына мүмкіндік туды. Бұған дейінгі жылдары оны жүзеге асыру қиынға түсетін, өйткені, шетелдік серіктестерді марксизм идеялары мен оны талқылауды жалғастырушы Мао Цзэдун, Дэн Сяопин, Цзян Цзэмин идеяларын біріктіретін «қытайға тән ерекшелікке ие социализм» ішкі идеологиясы қызықтырмайтын. ҚКП ресми идеологиясында экономикалық дамудың басымдықтарын және буржуазиямен бәсекелестіктен бас тартуды жариялаған реформаторлық нұсқамалар болғандығына қарамастан, социалистік ұрандар Батысқа қырғи-қабақ соғыс кезеңдерін, екі жүйенің қарама-қайшылығын еске түсіретін. Бұл жағдай Бейжіңді қазіргі Қытай бұрынғы КСРО-ға ұқсамайтындығын қайта-қайта қайталап айта беруіне мәжбүрледі. Жаңа «гармония» бастамасы Қытай басшылығына «гармониялық қоғам» құру ішкі саяси бағдарламасы мен «гармониялы әлем» құру сыртқы саяси стратегияларын ұштастыруға мүмкіндік берді.

«Гармониялық қоғам» ұстанымының ресми анықтамасын: «демократия және заң билігі, теңдік және әділдік, шынайылық және достық, өмірлік қуаттылықтың толықтығы, тұрақтылық пен тәртіп, адам мен табиғат арасындағы гармония» деп түсіндіреді. Ал Юй Кэпиннің көзқарасы бойынша, «гармониялық әлем» дегеніміз, – «демократиялық, әділетті және тең дәрежелі әлемдік саяси-экономикалық тәртіп орнату, әлемде ұзақ мерзімді және жалпыға ортақ гүлденуді іске асыру. Қайталанбас гармониялық әлем, гармониялық қоғамдағы сияқты, жан-жақтылықтың, демократияның, әділеттіліктің, шыдамдылықтың, сенімділіктің, ынтымақтастық және өзара көмектесудің, тұрақты дамудың әлемі болуы керек». Сонымен қатар, «гармониялық әлемнің» тағы бір қайталанбас тұсы – адам мен табиғат арасындағы гармонияны қалыптастыру, табиғи байлықтарды саналы түрде, табиғаттың өзіне зиянсыз игеру және тиімді пайдалану [4].

Гармониялық әлемнің қытайлық жоспарының басымдылығы, бұл тек ҚХР ғана емес әлемнің көптеген мемлекеттерінің даму стратегияларымен үндестігі. Юй Кэпиннің сараптамаларындағыдай, «гармониялық әлем» идеясын ұсынуда қытай әкімшілігі бүкіл адамзат баласы ұмтылып отырған құндылықты басты назарда ұстаған. Атап өтейік, әлем гармониясының қытайлық жоспары көптеген елдерде қызығушылық тудыруы мүмкін. Юй Кэпин айтуы бойынша, «гармониялық әлем» идеясына бүкіл адамзат ұмтылады, ал «әлем және даму, қазіргі уақыттың екі ұлы тақырыбы

ретінде гармониялы әлем құрудың маңызды мазмұны болып табылады. Экономикалық глобализациялану тереңдеген сайын мемлекеттер мен халықтардың қызығушылығы көпжоспарлы, саясат – көпжақтылы, мәдениет – сан алуан бола береді». Қытай «өз өркениетінің құндылықтары мен құрылымын басқа мемлекеттерге күшпен тарату» әрекеттеріне қарсы шығады. АҚШ өз құндылықтарын тарату үшін «қатал күш» қолданса, қытай өзгелердің істеріне араласпау, елдер мен мәдениеттердің өзіндік даму жолына құрмет көрсету идеясын айқындайды. Қытайдың дипломатия секторының меңгерушісі Лю Цзяньфэйдің жорамалы бойынша, халықаралық статусты шынайы күштерді ескере отырып анықтау керек. Қытайды халықаралық мәселелерде ықпалы бар, социализм жолындағы, даму кезеңінде тұрған ірі аймақтық держава деп есептеуге болады. «Болашақта Қытайдың халықаралық жауапкершілігі негізінен материалды емес, рухани жағынан көрініп тұрады. Басқаша айтсақ, әлемдегі мәселелердегі жауапкершілікке келгенде Қытай негізінен қатты емес, жұмсақ күш қолданады. Қытай әлемдегі барлық елдердің ортақ қызығушылықтарына сай келетін көптеген көзқарастар мен идеялар ұсынды. Уақыт өте олардың ықпалы күшейе береді [2]». ҚХР «жұмсақ күшінің» бір дерек көзі «гармониялы» дипломатия болуы керек. Ол алдымен барлық дамушы елдер мүддесіне сай дамудың көпжақты моделі, глобалды тұрақтылықты қолдау, «бәріне ортақ гүлдену» жағдайын туғызу негізінде құрылуы керек.

Атқарылған шаралардың нәтижесінде халықаралық сахнадағы ҚХР сыртқы саясатында едәуір ілгерілеушілік бар. Ал америкалық сарапшылардың ақпараттарында, қазіргі таңда Батыс ҚХР дамуына қалай «тұсау» саламыз деп емес, оның ықпалының артуына «икемделу» жолдарына шынайы түрде терең ойлану керектігі туралы көзқарастар кездесе бастады.

Әлемдік басымдыққа ие болу жолында «жаһандық тату көршілік стратегиясына» иек арта отырып, ҚХР аймақтық серіктестеріне арқа сүйеді. Ресми Бейжің қазіргі халықаралық тәртіптерді өзгертуге талпынбайды, керісінше, конфронтациядан қаша отырып, халықаралық тәртіптерге икемделу арқылы өз ыңғайына жақындатуға тырысады. Бұл жағынан алып қарағанда қытай саясатын «сыртқы қауіптерді залалсыздандыру стратегиясы» деп атауға болады. Ол қауіп төндіруге потенциалды мүмкіндіктері бар мемлекеттермен терең ынтымақтастық

ортатуға бағытталған. ҚХР қуатты державалармен де аймақтық ұсақ серіктестерімен де бүгінгі күні жақсы деңгейде қарым-қатынас орнатуда. Тіпті кейбір екінші деңгейдегі мәселелерге келгенде аймақтық ұсақ серіктестеріне жол беруден де қашып отырған жоқ. Мәселен Қазақстан Республикасымен екі жақты сыртқы саясатта жұмсақтық таныта отырып, экономикалық салаларды айтпағанның өзінде мәдени-ғылыми салаларда көптеген жетістіктерге қол жеткізуде.

Қорытынды

Қытай Халық Республикасын 2002-2012 жылдар аралығында ҚКП ОК бас хатшысы Ху Цзиньтао басқарып келді. Ху Цзиньтао басқарған мерзімде Қытайдың халықаралық сахнадағы бет-әлпеті жаңаша күйге өзгерді. 2001-2005 жылдарда Қытайдың сауда айналымы 3 есеге өсті. Осы жылдар ішінде Қытайға тікелей шетелдік инвестициядан 600 млрд доллар түсті. Дәл сол жылдары Қытай америкалық құнды қағаздарға 700 млрд доллар салды. Тек қытайлық кәсіпорындардың тікелей шетелдік инвестициялары 20 жылда 37 млрд долларды құрады, соның ішінде 2002-2005 жылдары 17,9 млрд долларды

құраған. Ал Қытайдың сенімді дерек көздеріне сүйенер болсақ, 2001-2007 жылдары сыртқы сауданың орта есеппен жылдық өсімі 21,6% құрады. Тіпті, әлемдік қаржы дағдарысы болған 2008 жылдың өзінде сыртқы сауданың өсімі 17,2% сақталған. Ал 2010 жылғы Қытайдың тауар экспорт және импортының жалпы көлемі 34,7% өскен [22].» Goldman Sach» халықаралық қаржы-экономикалық орталығының мамандары 2027 жылы қытай экономикасы АҚШ экономикасына теңесетінін, ал 2050 жылға қарай тіпті екі есеге артық болатындығын болжайды. Бұндай болжамдарды жасауда «Goldman Sach» қытайдың соңғы бірнеше онжылдықтардағы көрсеткен барлық экономикалық даму жолын негізге алады.

Халықаралық валюта қорының жаңа болжамдары бойынша қытай экономикасының жылдық өсімі 2019 жылға дейін 6,3% көлімінде сақталатынын болжайды [23]. Егер Ху Цзиньтао басқарған 2002-2012 жылдар аралығында жылдық экономикалық өсім 10%-дан төмен түспегенін ескерсек, Си Цзиньпинь жетекшілік етіп келе жатқан бесінші буын қытай басшыларының мойнында орасан зор қиындықтардың тұрғаны айтпаса да түсінікті.

Әдебиеттер

- 1 David M. Lampton. *Following the Leader: Ruling China, from Deng Xiaoping to Xi Jinping*. University of California Press, 2014, 312 p.
- 2 Sujian Guo (editor), Baogang Guo (editor). *China in Search of a Harmonious Society (Challenges Facing Chinese Political Development)*. Lexington Books, 2008, 258 p.
- 3 Joseph S.Nye, Jr. *Is the American Century Over (Global Futures)*. Polity, 1 edition, 2015, 152 p.
- 4 Joseph S.Nye, Jr. *The Future of Power*. Public Affairs, Reprint edition, 2011, 320 p.
- 5 Joseph S.Nye, Jr. *Soft Power: The Means to Success in World Politics*. Public Affairs, New edition, 2005, 191 p.
- 6 Mingjiang Li (Editor), Kalyan M. Kemburi (Editor). *China's Power and Asian Security (Politics in Asia)*. NY, 1st Edition, 2014, 304p.
- 7 Mingjiang Li. *Soft Power: China's Emerging Strategy in International Politics*. Lexington Books, 2011, 284 p.
- 8 Kissinger H. *World Order*. Penguin Books, Reprint edition, 2015, 432 p.
- 9 Kissinger H. *On China*. Penguin Books, Reprint edition, 2012, 624 p.
- 10 Willy Wo-Lap Lam. *Chinese Politics in the Hu Jintao Era: New Leaders, New Challenges*. Routledge, 2006, 376 p.
- 11 Kerry Brown. *Hu Jintao: China's Silent Ruler*. World Scientific Publishing Company, 2012, 256 p.
- 12 Hachigian N. *Debating China: The U.S.-China Relationship in Ten Conversations*. Oxford University Press; 1 edition, 2014, 272 p.
- 13 Thomas J. Christensen. *The China Challenge: Shaping the Choices of a Rising Power*. New Jersey. W. W. Norton & Company; 1 edition, 2015, 400 p.
- 14 Susan L. Shirk. *China: Fragile Superpower*. Oxford University Press; 1 edition, 2008, 336 p.
- 15 Fenby J. *Will China Dominate the 21st Century*. Polity; 1 edition, 2014, 120 p.
- 16 Leonard M. *What Does China Think?* PublicAffairs, 2008, 176 p.
- 17 Jeffrey N. Wasserstrom. *China in the 21st Century: What Everyone Needs to Know*. Oxford University Press; 2 edition, 2013, 208 p.
- 18 Daniel K. Davis. *Hu Jintao*. Chelsea House publishers, 2008, 127p.
- 19 Chien-Kai Chen. *Comparing Jiang Zemin's Impatience with Hu Jintao's Patience Regarding the Taiwan Issue, 1989–2012*. //Journal of Contemporary China. Volume 21, Issue 78, 2012. 955-972 pages
- 20 Guoxin Xing. *Hu Jintao's Political Thinking and Legitimacy Building: A Post-Marxist Perspective* //Asian Affairs: An American Review. Volume 36, Issue 4, November 2009, 213-226 pages

21 Zhao, Suisheng «China's National Security Strategy and Diplomatic Engagement» Professor and Executive Director, Center for China-U.S. Cooperation, University of Denver. This paper expands on remarks delivered at the first session of the China-Latin America Task Force, December 12, 2006.

22 Guangdong Xu, Binwei Gui. The Connection between Financial Repression and economic Growth: The Case of China// The Journal of Comparative Asian Development. Volume 12, Issue 3, December 2013, 385-410 pages

23 Salvatore Babones. China's predictable slowdown// Foreign affairs, February 18, 2015.

References

1 David M. Lampton. Following the Leader: Ruling China, from Deng Xiaoping to Xi Jinping. University of California Press, 2014, 312 p.

2 Sujian Guo (editor), Baogang Guo (editor). China in Search of a Harmonious Society (Challenges Facing Chinese Political Development). Lexington Books, 2008, 258 p.

3 Joseph S.Nye, Jr. Is the American Century Over (Global Futures). Polity, 1 edition, 2015, 152 p.

4 Joseph S.Nye, Jr. The Future of Power. Public Affairs, Reprint edition, 2011, 320 p.

5 Joseph S.Nye, Jr. Soft Power: The Means to Success in World Politics. Public Affairs, New edition, 2005, 191 p.

6 Mingjiang Li (Editor), Kalyan M. Kemburi (Editor). China's Power and Asian Security (Politics in Asia). NY, 1st Edition, 2014, 304p.

7 Mingjiang Li. Soft Power: China's Emerging Strategy in International Politics. Lexington Books, 2011, 284 p.

8 Kissinger H. World Order. Penguin Books, Reprint edition, 2015, 432 p.

9 Kissinger H. On China. Penguin Books, Reprint edition, 2012, 624 p.

10 Willy Wo-Lap Lam. Chinese Politics in the Hu Jintao Era: New Leaders, New Challenges. Routledge, 2006, 376 p.

11 Kerry Brown. Hu Jintao: China's Silent Ruler. World Scientific Publishing Company, 2012, 256 p.

12 Hachigian N. Debating China: The U.S.-China Relationship in Ten Conversations. Oxford University Press; 1 edition, 2014, 272 p.

13 Thomas J. Christensen. The China Challenge: Shaping the Choices of a Rising Power. New Jersey. W. W. Norton & Company; 1 edition, 2015, 400 p.

14 Susan L. Shirk. China: Fragile Superpower. Oxford University Press; 1 edition, 2008, 336 p.

15 Fenby J. Will China Dominate the 21st Century. Polity; 1 edition, 2014, 120 p.

16 Leonard M. What Does China Think? Public Affairs, 2008, 176 p.

17 Jeffrey N. Wasserstrom. China in the 21st Century: What Everyone Needs to Know. Oxford University Press; 2 edition, 2013, 208 p.

18 Daniel K. Davis. Hu Jintao. Chelsea House publishers, 2008, 127p.

19 Chien-Kai Chen. Comparing Jiang Zemin's Impatience with Hu Jintao's Patience Regarding the Taiwan Issue, 1989–2012. //Journal of Contemporary China. Volume 21, Issue 78, 2012. 955-972 pages

20 Guoxin Xing. Hu Jintao's Political Thinking and Legitimacy Building: A Post-Marxist Perspective //Asian Affairs: An American Review. Volume 36, Issue 4, November 2009, 213-226 pages

21 Zhao, Suisheng «China's National Security Strategy and Diplomatic Engagement» Professor and Executive Director, Center for China-U.S. Cooperation, University of Denver. This paper expands on remarks delivered at the first session of the China-Latin America Task Force, December 12, 2006.

22 Guangdong Xu, Binwei Gui. The Connection between Financial Repression and economic Growth: The Case of China// The Journal of Comparative Asian Development. Volume 12, Issue 3, December 2013, 385-410 pages

23 Salvatore Babones. China's predictable slowdown// Foreign affairs, February 18, 2015.